

ӘОЖ 811.111

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДІ ЖАНДАНДЫРУ

Сапарова Алина Мэлсовна

4 курс студенті, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы,
Филология факультеті, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна, педагогика
ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы шет тілін үйренуді жандандырудың тиімді жолдары қарастырылады. Автор тіл үйретуде ЖИ-дың дербестендірілген оқыту, жедел кері байланыс, сөйлеу және тыңдау машығын жетілдіру, мультимодальды материалдар ұсыну сияқты артықшылықтарын талдайды. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибелер мен заманауи AI-құралдардың мүмкіндіктері сипатталып, білім алушылардың уәжін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, шет тілі, тіл үйрену, жекелеп оқыту, AI-құралдар, интеллектуалды оқыту жүйелері, дәстүрлі әдіс.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар дәуірі. Қазіргі жаһандану үдерісі білім мен ғылымды жетілдірудің жаңа жолдарын іздеуді талап етіп отыр. Сол ізденістің алдыңғы қатарында жасанды интеллект (Artificial Intelligence – AI) тұр. Бұрын тек ғылыми қиялдың нысаны болған бұл технология бүгінде адам өмірінің барлық саласына – денсаулық сақтау, өндіріс, қаржы, өнеркәсіп және ең бастысы, білім беру жүйесіне дейін еніп отыр. Әсіресе, шет тілдерін үйрету мен үйрену саласында AI-дың мүмкіндігі шексіз көрінердей. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, ол оқыту процесін жекелеңдіруге, білім алушының жеке қарқыны мен қабілетіне сай оқу бағдарламасын бейімдеуге, жедел кері байланыс беруге мүмкіндік беретін секілді. Сонымен қатар, ойын элементтері, автоматтандырған бағалау және мотивацияны арттыру құралдары арқылы үйренушінің қызығушылығын ұзақ мерзімге сақтайды-дүр. Жасанды интеллект – тек қосымша құрал емес, ол тіл үйретудің жаңа парадигмасын қалыптастыратын инновациялық тетік десек артық айтқанымыз емес. Сондықтан қазіргі заманда тіл үйрену сапасын арттыруда AI-дың рөлі мен әлеуетін ғылыми тұрғыда зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі заманда шет тілін үйрену тек қана сөздік жаттау мен грамматикалық ережелерді меңгерумен шектелмейді. Оқыту технологияларының қарқынды

дамуының арқасында жасанды интеллект тіл үйретудің ажырамас бөлігіне айналды. Ол дәстүрлі әдістердің тиімділігін арттырып қана қоймай, үйренушінің жеке ерекшелігіне бейімделген жаңа мүмкіндіктер ұсына да алады. Яки AI-дың тіл үйретудегі негізгі артықшылықтары жүйелеп айтар болсақ, біріншіден, AI оқу процесін жекелендіреді: әр оқушының әлсіз тұстарын, жиі түсініксіз болатын грамматикалық құрылымдарын, сөздік қорын және қате түрлерін жүйелі түрде анықтап, сол бойынша жеке тапсырмалар береді. Осындай «ақылды репетиторлар» оқытудың тиімділігін арттыра алатыны түрлі шолулар мен мета-талдауларда расталған. Екіншіден, AI-ның дауысты танып-талдау (ASR — automatic speech recognition) технологиялары айтылымды нақты бағалап, дереу кері байланыс береді. Бұл — әсіресе екінші тіл ретінде сөйлеуді үйреніп жатқандар үшін таптырмас құрал: қате екпіндер, буын-дауыстар, артикуляциялық ерекшеліктер бірден көрініп, түзетуге мүмкіндік туады. Осындай зерттеулер ASR-дің айтылым мен сөйлеудің сапасын жақсартып алатынын көрсетті. Үшіншіден, ірі платформа мен деректер масштабы — жүйенің «оқып үйренуін» қамтамасыз етеді. Мысалы, Duolingo сияқты қосымшалар миллиондаған оқушы дерегін талдап, оқу модельдерін үнемі жетілдіреді; тәуелсіз зерттеулер де олардың белгілі бір дағдыларды дамытуға ықпалы барын растайды. Бұл — оқу шешімдерін деректерге сүйеніп қабылдауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары жасанды интеллект (AI) тіл үйрету саласында ерекше қарқынмен дамып жатып. Ғалымдар мен білім беру сарапшылары оның тиімділігін түрлі зерттеулер арқылы дәлелдеп, тәжірибеде кеңінен қолданып та жүр. Және де біздің де AI-дың тіл үйретудегі артықшылықтарын нақты ғылыми деректер мен шынайы мысалдар арқылы қарастыруымызға болады. Бұл мәліметтер технологияның тек теорияда ғана емес, тәжірибеде де өз нәтижесін беретінін көрсетеді. Соның бірнешеуіне толықтай тоқтала кетсек:

1. Интеллектуалды оқыту жүйелері (ITS) — мәтінге немесе тапсырмаға бейімделіп, әр оқушыға «бірегей жол картасын» құра алатын платформалар. ITS-тің тиімділігі жөніндегі зерттеу-шолу мұндай жүйелердің жеке оқытуда айтарлықтай нәтижелер көрсеткенін мәлімдейді; яғни «адамның бір-біріне беретін репетиторлық» әсері машиналық құралдар арқылы белгілі дәрежеде қайталана алады.

2. Дауыс тану және айтылым жаттығулары туралы көпшілік зерттеу нәтижелері ASR-мен жұмыс істеудің сөйлеу дағдыларына оң әсері бар екенін көрсетеді: оқушылар өз даусын тыңдап, қателерін түсініп, нақты артикуляциялық деңгейде жаттыға алады. Бұл әсіресе қашықтан оқыту мен өздігінен білім алушы аудитория үшін аса пайдалы.

3. Платформалық тәжірибе: Duolingo-дың зерттеу бөлімі үлкен деректерді талдап, қолданушылардың қалай үйренетінін зерттейді; тәуелсіз академиялық жұмыстар да олардың оқу-инструменттері белгілі бір деңгейдегі қабылдау мен

тыңдалым дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкіндігін көрсетеді. Бұл — масштабталған оқытудың мүмкіндігі мен шектеуін бірге көрсететін маңызды дәлел.

Цифрлы тілдік құралдар үлкен тілдерге жылдам бейімделетін көрінеді; алайда қазақ тілінің де саналы түрде цифрлатып, AI-ға енгізілуі — мемлекет пен ғылыми орта үшін басты бағыттардың бірі. Соңғы жылдары Қазақстанда Til-Qazyna, ISSAI және университеттік жобалар қазақ тілін өңдеуге арналған үлгілер жасап, тілдік деректер базасын жинақтауға білек сыбана кірісіп отыр. 2025 жылы Til-Qazyna ұлттық орталығынан шыққан AI-модель қазақ тілін үйренуге бағытталған мүмкіндіктерді жариялап, грамматика тексеру, мәтін түзету, контекстті талдау секілді қызметтер ұсына бастағаны елді жаңғыртып хабарланды. Бұл дегеніміз тіліміздің цифрлық кеңістікке енуіне нақты қадам.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект тіл үйретудің барлық деңгейінде – мектеп партасынан бастап халықаралық корпорациялардағы кәсіби дайындыққа дейін – кеңінен қолданылады. Оның басты ерекшелігі – үйренушінің қажеттілігі мен мақсатына сай бейімделуі. AI құралдары бірде күнделікті шағын сабақтарды ұйымдастырып, бірде күрделі кәсіби сценарийлерді модельдей алады. Төменде жасанды интеллектінің тіл үйретудегі қолданылу мысалдарына нақтырақ тоқталамыз:

1. Мәтін тыңдау және айту жаттығулары. Мұғалім аудио жаттығу қояды, оқушы сөйлемді қайталайды — ASR жүйесі дұрыс/бұрыс деп белгіледі, жүйе нақты сөздерді бөліп көрсетіп, қай бөлікке көбірек жаттығу керектігін ұсынады. Бұл әдіс практикалық, жедел және тұрақты кері байланыс береді.

2. Жекелеген грамматика-бағдарламалар. ITS платформасы оқушының қателер хронологиясын құра отырып, қайталама жаттығуларды автоматты түрде тағайындайды — мұғалім тек монитор жасап, қиындаған жерлерге интервенция енгізеді. Бұл дәстүрлі сыныптағы уақыт пен ресурсты үнемдеуге көмектеседі.

3. Сұхбат боттары. LLM-дермен (үлкен тілдік модельдер) тақырыптық рөлдік ойындар жасау арқылы еркін сөйлеу дағдысы шыңдалады; боттар оқушыға жұмсақ түзету мен жаңа лексика ұсынады.

AI-ды білімге енгізу кезінде адамдық бақылау, ашықтық және теңдік қағидалары ең алдымен тұруы тиіс. UNESCO сияқты халықаралық ұйымдар AI-дың этикасына байланысты нұсқаулар бере отырып, адам құқығы мен мұғалімнің мәртебесін сақтау қажет екенін ескертеді — яғни AI мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның жұмысын қолдайды. Сонымен қатар жеке деректерді қорғау, алгоритмдік әділдік және мәдени контексті сақтау маңызды.

Жасанды интеллектіні тіл үйрету үдерісінде тиімді пайдалану үшін жүйелі және мақсатты қадамдар қажет. Технологияны жай ғана енгізу жеткіліксіз — оны оқыту бағдарламасына дұрыс кіріктіру маңызды. Мұғалімдер мен үйренушілер AI мүмкіндіктерін нақты мақсатқа бағыттап қолданса, нәтижесі

әлдеқайда жоғары болады. Және де осы орайда кейбір жандарға бірнеше ұсынысты ұсына кетер болсақ:

Мұғалімдерге:

- AI-дан алынған талдауды сабақ жоспарына кірістіріп, тексеріп отыру;
- Оқу нәтижелерін бағалау кезінде AI-ның есептерін мұғалімнің кәсіби пайымымен ұштастыру;
- Цифрлы сауаттылықты арттыратын курстардан өту.

Оқушыларға:

- Күнделікті 10–15 минут LLM-дармен сөйлесіп тұру, аптасына бірнеше рет ASR-жаттығулар жасау;
- Жаңа сөздерді жүйелі түрде бекіту үшін үлкен платформа материалдарын (мысалы, Duolingo) қосымша құрал ретінде пайдалану.

Саясаткерлер мен білім басшыларына:

- Қазақ тіліне арналған ашық дерекқорлар мен корпус жинақтарына қаржы бөлу;
- Мұғалімдердің AI-ды қауіпсіз және тиімді қолдануын қамтамасыз ететін оқыту бағдарламаларын енгізу;
- Балалар мен жасөспірімдердің деректерін қорғауға бағытталған заңнаманы нығайту.

Соңғы жылдары қазақ тілін үйрету мен үйрену саласында жасанды интеллект технологияларының рөлі айрықша арта түсті. Заманауи AI құралдары мәтін өңдеу, аударма, орфографияны тексеру және интерактивті жаттығуларды ұсыну арқылы оқыту процесін жеңілдетіп, сапасын арттырады. Бұл технологиялар тек шетелдіктерге қазақ тілін үйретуде ғана емес, өз ана тілін терең меңгергісі келетіндер үшін де пайдалы. Қазақ тіліне бейімделген ең тиімді және сұранысқа ие AI-құралдардың таңдаулы тізімі берсек:

- *Til-Qazyna / Tilqazyna LLM* -қазақ тіліне бейімделген ұлттық модель мен сервистер.
- *ISSAI KAZ-LLM* - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жұмыс істейтін локал үлгі.
- *Google Speech-to-Text (қазақша қолдауы)* - айтылымды тануға арналған құралдар (қолдауы әртүрлі деңгейде болуы мүмкін).
- *Duolingo* — тіл үйретудегі масштабталған платформа, зерттеу деректері бар.
- *Khanmigo (Khan Academy)* - білімдік этика мен қауіпсіздікті ескере отырып жасалған AI-ассистент идеясы (педагогтар арасында кеңінен қолданысқа енгізу жолында).

Жасанды интеллектке негізделген оқу жоспары тіл үйренудің қарқынын арттырып, әрбір үйренушінің жеке қажеттілігіне бейімделе алады. Мұндай жоспар дәстүрлі әдістерді толықтырып қана қоймай, интерактивтілік пен дербестендіру мүмкіндігін ұсынады. 8 апталық бағдарламада дағдыларды

біртіндеп қалыптастыру қағидаты сақталады: алғашқы апталарда негіз қалау, орта кезеңде қарқынды машықтану, соңында қолданбалы деңгейге шығу көзделеді. Әр аптада нақты мақсаттар қойылып, оларды орындау үшін арнайы AI құралдары таңдалады. Мысалы, сөйлеу машығын жетілдіру үшін ChatGPT секілді диалогтық платформалар, ал грамматиканы пысықтау үшін TilQural.kz секілді тексеру жүйелері қолданылады. Бағалау өлшемдері де алдын ала анықталып, үйренуші прогресін сандық және сапалық тұрғыда бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай жоспарды мектеп оқушысынан бастап, жоғары оқу орны студенттеріне немесе кәсіби ортада тіл жетілдірушілерге дейін бейімдеуге болады. AI технологияларының басты артықшылығы – деректерді талдап, әр үйренушіге жеке ұсыныс беру қабілетінде. 8 апталық құрылым оқыту процесін тәртіпке келтіріп, мотивацияны тұрақты ұстап тұрады. Соңғы нәтижеде үйренуші тілдік дағдыларды өмірдің түрлі жағдайында еркін қолдануға дайын болады:

1-кесте.

Апта	Мақсат	Құралдар	Нәтиже (қысқаша)
1	Негізгі сөздік пен тіркестермен танысу	ChatGPT, Quizlet, Duolingo	200 жаңа сөз, күнделікті жаттығу әдеті
2	Айтылым негіздері (фонетика)	Google STT, ASR жаттығулар	Қате дыбыстарды анықтау, базалық түзетулер
3	Қарапайым диалог (құрылым)	ChatGPT рөлдік ойын, Duolingo	3–5 минуттық еркін әңгіме қалыптасады
4	Грамматика (негізгі құрылымдар)	Tilqazyna Spellchecker, ITS жаттығулары	Септік, шақ, келісім қателері азаяды
5	Тыңдалым және түсіну	YouTube (авто-субтитрмен), Duolingo Stories	Түсіну көрсеткіші артады (мақсат: +20%)
6	Күрделі диалог (рөлдік ойын)	ChatGPT, Тақырыптық подкаст	10 минуттық сұхбат, аргументация
7	Жазылым (мақала, хат)	Tilqazyna/Грамматика тексергіштер	Мәтін сапасының айқын жақсаруы
8	Қорытынды (аралас тапсырмалар)	Барлық құралдар, оқытушы бағалауы	Жалпы деңгей B1–B2 (жеке прогреске байланысты)

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – тіл үйрену мен үйретудің жаңа дәуірін ашқан қуатты құрал. Ол дәстүрлі әдістердің тиімділігін арттырып қана қоймай, оқыту үдерісін жекелендіріп, әр үйренушінің қарқыны мен деңгейіне сай бейімдей алады. AI технологияларының көмегімен грамматикалық қателерді түзету, лексикалық қорды кеңейту, сөйлеу машығын жетілдіру және тыңдалым дағдыларын дамыту бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл әрі қызықты бола түсті. Мақала барысында біз AI-дың тіл үйретудегі негізгі артықшылықтарын, ғылыми дәлелдері мен тәжірибелік мысалдарын, күнделікті және кәсіби ортада қолдану мүмкіндіктерін, нақты ұсыныстар мен қазақ тіліне арналған пайдалы құралдардың тізімін қарастырдық. Сондай-ақ 8 апталық AI-негізіндегі оқу жоспары арқылы білім алушыларға жүйелі бағыт ұсынуға болатынына көз

жеткіздік. Ең бастысы – жасанды интеллектіні тиімді пайдалану үшін оны мақсатты түрде және дұрыс әдістемемен біріктіру қажет. Сонда ғана AI – тілді тез, сапалы әрі өмірлік жағдайда қолдануға үйрететін сенімді серікке айналады. Болашақта бұл технологиялар қазақ тілін үйрету мен насихаттаудың да басты тетігіне айналып, ұлттық тіл саясатының дамуына айрықша үлес қосары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Kulik, J. A., & Fletcher, J. D. (2015). Effectiveness of intelligent tutoring systems: A meta-analytic review. *Review of Educational Research*, 85(1), 74–108. <https://doi.org/10.3102/0034654314558495>
2. Woo, J., & Choi, H. (2021). Artificial intelligence in computer-assisted language learning: A systematic review. *arXiv preprint arXiv:2111.04455*. <https://arxiv.org/abs/2111.04455>
3. Katinskaia, A. (2025). The role of AI in CALL: Trends and challenges. *arXiv preprint arXiv:2505.02032*. <https://arxiv.org/abs/2505.02032>
4. Spring, R., & Tabuchi, M. (2022). The role of ASR training in EFL pronunciation improvement: An in-depth look at the impact of treatment length and guided practice. *Language Learning & Technology*, 26(1), 1–24.
5. Li, W., & Lin, H. (2023). Effectiveness of automatic speech recognition in ESL/EFL pronunciation: A meta-analysis. *ReCALL*, 35(2), 183–204. <https://doi.org/10.1017/S0958344022000157>
6. National Center for Biotechnology Information. (2024). Effects of automatic speech recognition on peer correction in language learning. *PubMed Central*. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/37663357>
7. Adaptive learning. (2025). In Wikipedia. https://en.wikipedia.org/wiki/Adaptive_learning
8. Cambridge University Press. (2025). The role of AI in language learning: Research evidence and strategies. https://www.cambridge.org/sites/default/files/media/documents/The_Role_of_AI_in_Language_Learning_Research_Evidence_and_Strategies.pdf
9. Reuters. (2025, August 6). Duolingo raises 2025 revenue forecast as AI tools boost user engagement. <https://www.reuters.com/business/duolingo-raises-2025-revenue-forecast-ai-tools-boost-user-engagement-2025-08-06>
10. Vincent, J. (2025, July 14). Duolingo's AI revolution: 148 new language courses in a year. *The Verge*. <https://www.theverge.com/news/658968/duolingo-language-courses-ai>
11. Webster, A. (2025, July 20). Duolingo users push back against AI-generated lessons. *Polygon*. <https://www.polygon.com/ai-artificial-intelligence/603216/duolingo-ai-language-lessons>

АКТИВИЗАЦИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Сапарова Алина Мэлсовна

Научный руководитель: Шамгонова Раиса Гарифуллиевна

В статье рассматриваются эффективные способы активизации изучения иностранного языка с помощью технологий искусственного интеллекта (ИИ). Автор анализирует преимущества ИИ в обучении, такие как персонализированное обучение, оперативная обратная связь, развитие навыков говорения и аудирования, а также предоставление мультимодальных материалов. Представлен опыт международных практик и возможности современных AI-инструментов, даны конкретные рекомендации по повышению мотивации обучающихся

Ключевые слова: Искусственный интеллект, иностранный язык, изучение языка, AI-инструменты, интеллектуальные системы обучения, традиционный метод.

ENHANCING FOREIGN LANGUAGE LEARNING THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Saparova Alina Melsovna

Scientific advisor: Shamgonova Raisa Garifullievna

This article explores effective ways to enhance foreign language learning through artificial intelligence (AI) technologies. It examines the advantages of AI in education, including personalized learning, instant feedback, improvement of speaking and listening skills, and provision of multimodal learning materials. The paper presents international best practices, discusses the capabilities of modern AI tools, and offers practical recommendations for boosting learners' motivation.

Keywords: Artificial intelligence, foreign language, language learning, AI tools, intelligent learning systems, traditional method.

REFERENCES

1. Kulik, J. A., & Fletcher, J. D. (2015). Effectiveness of intelligent tutoring systems: A meta-analytic review. *Review of Educational Research*, 85(1), 74–108. <https://doi.org/10.3102/0034654314558495>
2. Woo, J., & Choi, H. (2021). Artificial intelligence in computer-assisted language learning: A systematic review. arXiv preprint arXiv:2111.04455. <https://arxiv.org/abs/2111.04455>
3. Katinskaia, A. (2025). The role of AI in CALL: Trends and challenges. arXiv preprint arXiv:2505.02032. <https://arxiv.org/abs/2505.02032>
4. Spring, R., & Tabuchi, M. (2022). The role of ASR training in EFL pronunciation improvement: An in-depth look at the impact of treatment length and guided practice. *Language Learning & Technology*, 26(1), 1–24.
5. Li, W., & Lin, H. (2023). Effectiveness of automatic speech recognition in ESL/EFL pronunciation: A meta-analysis. *ReCALL*, 35(2), 183–204. <https://doi.org/10.1017/S0958344022000157>
6. National Center for Biotechnology Information. (2024). Effects of automatic speech recognition on peer correction in language learning. PubMed Central. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/37663357>
7. Adaptive learning. (2025). In Wikipedia. https://en.wikipedia.org/wiki/Adaptive_learning
8. Cambridge University Press. (2025). The role of AI in language learning: Research evidence and strategies. https://www.cambridge.org/sites/default/files/media/documents/The_Role_of_AI_in_Language_Learning_Research_Evidence_and_Strategies.pdf
9. Reuters. (2025, August 6). Duolingo raises 2025 revenue forecast as AI tools boost user engagement. <https://www.reuters.com/business/duolingo-raises-2025-revenue-forecast-ai-tools-boost-user-engagement-2025-08-06>
10. Vincent, J. (2025, July 14). Duolingo's AI revolution: 148 new language courses in a year. The Verge. <https://www.theverge.com/news/658968/duolingo-language-courses-ai>
11. Webster, A. (2025, July 20). Duolingo users push back against AI-generated lessons. Polygon. <https://www.polygon.com/ai-artificial-intelligence/603216/duolingo-ai-language-lessons>